

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық
жүргізу құқуғындағы "Қалалық балалар клиникалық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның
сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы
жиналыс
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қ. Асар ш.м.а., 757
А корпусы, әкімшілік, 1 қабат, ашық
алаң

15.02.2024ж.

Тақырыбы: Медициналық ұйымдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Қатысқандар:

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқуғындағы "Қалалық балалар клиникалық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын қызметкерлері.

Жиналыс төрағасы: Бас дәрігер орынбасары Г.О.Алтынбаева

Хатшы: Қанат Ақсұңқар

ТЫҢДАЛДЫ:

1. **Бас дәрігер орынбасары Г.О.Алтынбаева** - Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚР Заңының 8-бабының 5 – тармағынына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығына сәйкес кәсіпорын қызметкерлерін 2024 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі іс-шараларды бекіту туралы бұйрығымен, бекітілген жұмыс жоспарымен таныстырды.

2. **Кәсіпорын заңгер Ж.Кенжебаева** - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы мәселелер бойынша, яғни баяндамада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздерімен және құқықтық жауапкершілік мәселелері қамтылды. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша баяндама жасады. Қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Жиналыс төрағасы

Бас дәрігер орынбасары



Г.О.Алтынбаева

Хатшы



Қанат Ақсұңқар